

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ**  
**СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ**

**2022 жылғы 26 желтоқсан**

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекет басшысының жекелеген тапсырмаларын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда қарау жөнінде.

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі Қуантыров Әлібек Сәкенұлына беріледі.

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Заң жобасына Мемлекет басшысының 2022 жылғы 11 қаңтардағы Парламент Мәжілісінің отырысында және 21 қаңтарда өткен ірі отандық бизнес өкілдерімен кездесудің қорытындысы бойынша берген заңнамалық тапсырмаларын іске асыру жөніндегі жоспар-кестеде көзделген түзетулердің төрт блогы енгізілді.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңға енгізілетін түзетулер бір көзден мемлекеттік сатып алудың негіздерін қысқартуды көздейді. Мәселен, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайту және бәсекелестікті дамыту мақсатында кейбір нысандарды бір көзден сатып алу құқығы алып тасталады. Олардың қатарына:

мемлекеттік материалдық резервке алынатын тауарлар;

жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыруға арналған тауарлар мен көрсетілетін қызметтер;

тұрғын емес мақсаттағы ғимараттар, құрылыстар, үй-жайлар кіреді.

Заң жобасында:

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның сатып алу қағидаларын Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігімен келісудің міндеттілігі көрсетілген;

сатып алу тәсіліне қарамастан өнім берушілердің сатып алуға шағым жасау құқығы да қарастырылған;

қордың холдингішілік кооперациясы шеңберінде сатып алу тәсілін алып тастау нормасы көзделген.

Бұдан басқа заң жобасында қордың жалғыз акционерінің директорлар кеңесінің құрамын айқындауы бойынша және қор қызметіне ашықтықты енгізуге бағытталған түзетулер қарастырылған.

Бюджетаралық қатынастарды одан әрі реформалау жөніндегі жұмыс жүргізілуде. Реформаның негізгі мақсаты – өңірлердің қаржылық дербестігін күшейту болып табылады. Салық түсімдерінің кейбір түрлерін, олардың тұрақтылығы мен жинақталу қағидастарын ескере отырып, жергілікті деңгейге беру ұсынылады.

Бұдан басқа заң жобасында:

жалпы сипаттағы трансферттердің есептеулеріне берілетін ақпараттың негізділігі, анықтығы үшін бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің жауапкершілігі;

орталық мемлекеттік органдардың трансферттерді есептеуі кезінде қабылданған көрсеткіштерге бюджеттік мониторингті қамтамасыз ету және тиісті бюджеттік бағдарламаның орындалуы туралы талдамалық есепті қалыптастыру үшін Қаржы министрлігіне бюджеттік мониторинг нәтижелерін ұсыну көзделеді.

Мемлекеттің экономикалық функцияларын жеке монополиялық операторлардың жүзеге асыруына заң жүзінде тыйым салу жөніндегі тапсырмасын іске асыру үшін мемлекет 100 пайыз қатысатын заңды тұлғалардың ғана монополиялық функцияларды жүзеге асыруын көздейтін түзетулер ұсынылады. Демек арнайы құқық субъектісі ұғымы нақтыланады және мемлекеттік монополия мен арнайы құқықты қоспағанда айрықша және басым құқықтарды беруге тыйым салынады.

Мемлекеттік сатып алу рәсімдерін айналып өтуді болдырмау мақсатында мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының айрықша критерийін енгізу ұсынылады, яғни ол жеке әріптестің объектіні құруы мен пайдалануы бойынша жобаның екі кезеңін міндетті түрде біріктіруін қамтиды.

Артық маржиналдылықты төмендету үшін және мемлекет пен жеке сектор арасындағы тәуекелдердің теңгерімді бөлінуін қамтамасыз ету үшін мыналар ұсынылады:

егер де нысан жеке меншікте (сервистік мемлекеттік-жекешелік әріптестік) қалатын жобалардың қатарында болса, сонымен қатар жеке серіктеске сенімгерлік басқаруға берілсе және ол коммерциялық кіріс әкелетін болса, онда мұндай жобалар бойынша инвестициялық шығындардың өтемақысын төлеу алып тасталады;

бірлесіп қаржыландыру бойынша шектеу тек 1,5 миллион айлық есептік көрсеткіштен асатын жобалар үшін енгізіледі, бұл ретте бюджеттен бірлесіп қаржыландыру инвестициялардың 30 пайызынан аспауы тиіс;

квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жеке әріптестер ретінде қатысуына кедергілер белгіленеді.

Ашықтық пен бәсекелестікті қамтамасыз ету жөніндегі тапсырманы іске асыру үшін, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту мақсатында мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау және іске асыру процестерінің ашықтығы мен анықтығы қағидатын енгізу, рәсімдерді цифрландыру, сондай-ақ жеке бастаманы іске асырудың конкурстық рәсімдерін енгізу көзделеді.

Әлеуетті жекеше әріптеспен технологиялар трансферін көздейтін бірегей жобалар үшін тікелей келіссөздерді тек Үкіметтің шешімі бойынша жүргізуді қалдыру ұсынылады.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыру кезінде монополияландыруды болдырмау мақсатында оларды монополияға қарсы органмен міндетті түрде келісу көзделеді. Бұдан басқа заң жобасында Мемлекет басшысының елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған тапсырмаларын орындау бойынша да түзетулер қарастырылған.

Заң жобасының шеңберінде «Табиғи монополиялар туралы» Заңға бірқатар түзетулер енгізіледі.

Мәселен олардың қатарында:

реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну кезінде технологиялық циклде пайдаланылатын желілер мен мүліктерді (объектілерді) теңгерімге және (немесе) сенімгерлік басқаруға алған жағдайда тарифтің қолданылу мерзімі өткенге дейін оны өзгерту мүмкіндігі;

цифрландыру арқылы тариф белгілеу процесінің ашықтығын арттыру;

табиғи монополиялар субъектілерінің халықаралық қаржы ұйымдарының, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ның және екінші деңгейдегі банкілердің қарыздарын тарту жөніндегі кредиттік келісімдерді уәкілетті органмен келісу міндетін белгілеу;

табиғи монополиялар субъектілері қызметкерлерінің еңбекақысын экономикалық қызмет түрлері бойынша орташа деңгейге дейін арттыру бар.

Заң жобасында уәкілетті экономикалық операторлардың қызметін қатаңдатуға бағытталған қосымша талаптар бекітілген.

Уәкілетті экономикалық операторларға қосымша жағдайлар жасау кезінде жосықсыз тұлғалардың уәкілетті экономикалық оператор қызметіне араласуына жол бермеуге басты назар аударылды.

Келесі, «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Заңға толықтыру енгізу ұсынылады. Енгізілетін түзету Үкіметтің шешімі бойынша «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының жыл сайын «Қазақстан халқына» қоғамдық қорына өзінің таза табысының кемінде 7 пайызын аударуына мүмкіндік береді.

Бұдан басқа заң жобасында мынадай да түзетулер қарастырылған:

арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы заңнаманы жетілдіру;  
жалдау төлемдерін субсидиялау тетігі бойынша ашылған шоттарды қорғау;  
шетелдік автомобильдерді алып келу мен пайдаланудың жекелеген мәселелерін реттеу;

құрылысқа арналған жобаларға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу;

лотерея операторларының «Қазақстан халқына» қоғамдық қорына аударымдары;

креативті индустрияларды құқықтық реттеу;

инвестициялар тарту саласындағы ұлттық компанияның функцияларын іске асыру;

жер қойнауын пайдаланушылардан газ сатып алудың жаңа тетігін енгізу, сондай-ақ сұйытылған мұнай газының айналымын реттеу жөніндегі заңнаманы жетілдіру;

мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерінің өндірісі мен айналымын, мұнай жеткізудің маркетингтік схемасын мемлекеттік реттеу;

қылмыстық қудалау органының қаулылары мен сыбайлас жемқорлық істері бойынша сот шешімдерінің нәтижесінде бюджетке түсетін қаражатты мектеп құрылысына жіберуді заңнамалық регламенттеу;

тауар балансын қалыптастыру;

мәдениет және әуежай қызметі салаларында ақылы қызмет көрсету түрлерін кеңейту;

«Қолайлы мектеп» ұлттық жобасын енгізу;

қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету және банк секторын реттеудің тиімділігін арттыру;

мемлекеттік аудит нәтижелеріне шағымдану механизмін енгізу көзделген.

Құрметті депутаттар, бұл Мемлекет басшысының жекелеген тапсырмаларын іске асыру мәселелері бойынша заң жобасында көзделген негізгі түзетулер болып табылады.

Заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, сұрақтарыңыз бар ма? Сөз депутат Рысбекова Ләззат Тұяқбайқызына беріледі.

РЫСБЕКОВА Л.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Ұлттық экономика министрлігі мен Оқу-ағарту министрлігінің өкілдеріне бағытталады.

Глава государства в ходе Послания народу Казахстана 1 сентября 2022 года поручил перейти на новую модель государственно-частного партнерства. В рамках исполнения данного поручения были инициированы поправки в рассматриваемый проект закона.

Так, устанавливается, что софинансирование может быть предусмотрено по проектам государственно-частного партнерства, в которых предполагаемый размер инвестиций превышает полуторамиллионнократный размер месячного расчетного показателя.

Вместе с тем, по данным разработчика, стоимость проектов ГЧП по строительству и эксплуатации детского сада составляет от 320 тысяч до 2 миллионов тенге, или от 100 до 640 тысяч МРП.

Таким образом, принятие предлагаемой нормы приведет к тому, что софинансирование таких проектов ГЧП не будет осуществляться из-за установленных высоких пределов – свыше 1,5 миллиона МРП, или более 4,7 миллиарда тенге.

Аналогичная ситуация может возникнуть и при строительстве школ. Так, согласно пилотному национальному проекту в области образования «Комфортная школа»

поставлена задача по вводу в эксплуатацию не менее 800 тысяч новых ученических мест до 2026 года, одним из механизмов реализации которой станет ГЧП.

В этой связи прошу ответить, какие меры предлагаются министерством для решения данных проблем в ходе практической реализации норм законопроекта?

ТӨРАҒА. Әлібек Сәкенұлы, сіз бірінші жауап беріңіз.

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! В целом данные поправки направлены на то, чтобы снизить сверхмаржинальность компаний, которые реализуют государственные проекты через механизм ГЧП. Вы отметили, что строительство детских садов, в принципе, подпадает под 1,5 миллиона МРП. Но так как данные проекты все-таки менее масштабные, то более 200 проектов было осуществлено без софинансирования, только 9 проектов было осуществлено с учетом софинансирования.

Почему был увеличен порог? Софинансирование само по себе является одним из видов государственной поддержки и будет осуществляться только по тем проектам, где есть риск нехватки средств для крупных проектов и их незавершения.

Помимо этого, другие меры включают в себя (то, что не войдет до 1,5 миллиона МРП) компенсацию инвестиционных и операционных затрат, вознаграждение за управление, также предусмотрены и другие меры государственной поддержки.

В целом государственный образовательный заказ, ГОБМП, ОСМС, офтейк-контракты и другие виды государственных закупок тоже являются своего рода партнерскими отношениями, соответственно, не предполагают софинансирования, потому что государство и бизнес должны распределять между собой соответствующие риски. Спасибо.

ТӨРАҒА. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту бірінші вице-министрі Каринова Шолпан Таңатқызы, жауап беріңіз.

КАРИНОВА Ш.Т. Қайырлы күн, құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар, әріптестер! В рамках пилотного национального проекта «Комфортная школа» предполагается строительство школ по семи типам, начиная от 300 ученических мест и заканчивая проектной мощностью в 2,5 тысячи ученических мест. В рамках предлагаемой новой нормы будет возможно строить школы проектной мощностью от 1200 мест. То есть это будут школы на 1200 мест, 1500 мест, 2000 мест и 2500 мест. Национальным проектом это предусмотрено.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Жұмағазиев Мұхтар Сабырұлына беріледі.

ЖҰМАҒАЗИЕВ М.С. Рақмет, құрметті Төраға.

Менің сұрағым Қаржы министрлігіне арналады.

Бюджет кодексіне сәйкес мемлекеттік тапсырманы іске асыру мемлекеттік сатып алу туралы заңнамада көзделген конкурстық рәсімдерсіз іске асырылады. Бұл теориялық тұрғыдан алғанда мемлекеттік тапсырманы іске асыру барысы мемлекеттік сатып алу саласымен салыстырғанда ондай ашық еместігін көрсетеді.

Осыған тәуекелдерді жою үшін бір кездері Бюджет кодексіне нақтыланған мемлекеттік тапсырыстардың толық тізбесін қарастырған өзгерістер енгізілген болатын. Алайда қаралып отырған заң жобасы аясында аталған тізбеге қосымша ретінде «Экономиканың тұрақты дамуы, оның ішінде стратегиялық, экономикалық мемлекеттік жоспарлау және даму саласында» деген тапсырыспен толықтыру ұсынылып отыр, яғни ұсынылып отырған заң жобасының редакциясы экономиканы жоспарлау және дамыту саласындағы кез келген тапсырыстар үшін осы механизмді пайдалануға мүмкіндік береді.

Қорытындылай айтсақ, біз нақтылықтан қайтадан кең ауқымды қамтитын түсіндірме нормасына көшеміз. Осыған байланысты сұрақ:

Ұсынылып отырған ереже бәсекелестік процедураларды айналып өтуге, сол арқылы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін арттыруға жол бермей ме? Рақмет.

ТӨРАҒА. Қаржы вице-министрі Темірбеков Дәурен Оденұлы.

ТЕМІРБЕКОВ Д.О. Сұрағыңызға рақмет.

Қысқаша жауап беретін болсам: жоқ, оған әкелмейді. Өзіңіз айтып кеткендей, осы жылдың басында мемлекеттік тапсырыстардың нақты тізімі айқындалған болатын.

Бұл тізімнен басқа осы мемлекеттік тапсырыстарды орындаушылардың тізімін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді. Сондықтан бұл ондайға әкелмейді. Бұл норма Ұлттық экономика министрлігінің қарамағындағы Экономикалық зерттеу институтына бағытталған. Бұл институт 2021 жылғы экономиканың тұрақты дамуына бағытталған зерттеулерді де жүргізіп келеді. Осыны сақтап қалу үшін нақтыланған нормалар ұсынылып отыр. 2023 жылы да осындай зерттеулерді осы институт жүргізетін болады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Нөкетаева Динар Жүсіпәліқызына беріледі.

НӨКЕТАЕВА Д.Ж. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Ұлттық экономика министріне.

Құрметті Әлібек Сәкенұлы! Заң жобасында «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Заңға Қазақстан Республикасының Үкіметіне технологиялар трансфертін көздейтін бірегей объектілерді құруға және пайдалануға бағытталған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыру үшін тікелей келіссөздер жүргізе отырып, жеке бастама негізінде жеке әріптестікті айқындау құзыретін беру жөніндегі түзетулер көзделген.

Мемлекет басшысы «Жаңа Қазақстан: жаңару және жаңғырту жолы» атты Жолдауында орталықсыздандыру және нақты өкілеттіктерді орталықтан өңірлерге беру қажеттігін атап өтті. Осыған орай сұрағым бар.

Көрсетілген өкілеттіктерді Үкімет деңгейінде белгілеу мемлекет пен жергілікті атқарушы органдардың функцияларын ажырату жөніндегі жұмыстың тиімділігін төмендетуге әкеп соқтырмай ма? Сондай-ақ мемлекет тарапынан кәсіпкерлік субъектілерін шамадан тыс реттеуге және сыбайлас жемқорлыққа әсер ететін факторларды туғызбайды ма? Рақмет.

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті Динар Жүсіпәліқызы! Жалпы бұл түзетулер қазіргі жүріп жатқан мемлекеттік орталықсыздандыру шеңберінде жүзеге асырылып жатыр. Біз тиісті өкілеттіліктерді жергілікті деңгейге беріп жатырмыз.

Өзіңіз айтқандай, қазір Қазақстан Республикасының Үкіметінде тек қана осындай бір құқық ғана қалады, ол – тікелей келіссөздерді тек арнайы жобаларға жүргізу. Осындай арнайы жобалар, уникалды жобалар Қазақстанда бұрын болмаған, қазір жұмыс істемейтін жобалар. Оны тиісті рәсімдер арқылы біз қарастыратын боламыз. Ал енді осындай жобалар республиканың аумағында болса олар бәсекелестік ортаға, бәсекелестік ойын ережелерімен тиісті нарыққа берілетін болады. Ал жалпы біздің пікірімізше, бұл норма керісінше сыбайлас жемқорлықты төмендетеді, себебі қазіргі таңда жұмыс істеп жатқан тиісті нормалар жойылады.

Ал енді жергілікті органдар мен орталық органдарға қарасақ, олардың өкілеттіктері ГЧП жобалары бойынша жалпы тең болады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Нұржігітова Дана Өмірбайқызына беріледі.

НҰРЖІГІТОВА Д.Ө. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Әлібек Сәкенұлы, сұрағым өзіңізге.

Заң жобасында мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның сұрау салуы бойынша статистика органдарының бастапқы статистикалық деректерді ұсынуына қатысты ережелер қарастырылған. Бірақ «Мемлекеттік статистика туралы» Заңға сәйкес бастапқы статистикалық деректер – кейбір ерекше жағдайларды ескермегенде құпия дерек. Олар тек статистикалық ақпаратты алу үшін пайдаланылады.

Статистикалық ақпарат респондентті және ол туралы алғашқы статистикалық деректерді анықтауға мүмкіндік береді, сондықтан ол құпия. Мұндай ақпарат респонденттің келісімімен ғана үшінші тарапқа беріледі.

Сонымен қатар Кәсіпкерлік кодекстің нормаларында коммерциялық құпия болып есептелетін ақпаратты кәсіпкерлік субъектісінің келісімінсіз жария етуге болмайды деген норма бар.

Сұрағым мынадай: заң жобасындағы норма жоғарыда аталған шектеулермен қалай үйлеседі? Рақмет.

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті Дана Өмірбайқызы! Рас, бұл мәселе бойынша бізге тапсырма келді, бюджеттік жоспарлау және бюджетті талдау тиімділігін арттыру үшін тиісті түзетулер қалыптастырылып жатыр. Оның ішінде осы талдау жұмысын жүргізу үшін бізге осындай бастапқы дерекқор керек болатын тиісті

түзетулерді дайындадық. Құрметті депутаттар, бірақ Сенатта осы мәселені сіздермен талқылаған кезде оны Статистика бюросымен, Президент Әкімшілігімен қайтадан талқыладық, сөйтіп осындай шешімге келдік. Жалпы бұл норманы біз кейінге қалдыратын боламыз. Сондықтан бұл заң жобасынан бүкіл норма, бүкіл бап алынып тасталады, себебі тиісті нормалар келесі жылы жаңа Бюджет кодексін қалыптастыру шеңберінде қаралатын болады.

ТӨРАҒА. Рақмет. Сөз депутат Бекназаров Нұрлан Құдиярұлына беріледі.

БЕКНАЗАРОВ Н.Қ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер! Менің сұрағым Ішкі істер министрлігінің өкіліне арналады.

Мемлекет басшысы ағымдағы жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында елімізге 2022 жылдың 1 қыркүйегіне дейін әкелінген және заңнамаға сәйкес мемлекеттік тіркеуден өтпеген шетелдік автокөліктерді біржолғы заңдастыруды тапсырған болатын.

Мұндай көліктердің арасында басқару жүйесі оң жақта орналасқан көліктер де бар. Қазіргі уақытта адамдарды немесе жүктерді тасымалдауға арналған мұндай көлік құралдарын мемлекеттік тіркеуге заңнамалық түрде тыйым салынған. Сондықтан елге әкелінген шетелдік нөмірлері бар оң рульдік автомобильдерді егелері рәсімдей алмауда. Осыған орай қоғам тарапынан аталған автомобильдерді заңдастыруға сұраныстар көп, ол бұқаралық ақпарат құралдарында жиі көтерілуде. Осыған байланысты менің сұрағым бар.

Қаралып отырған заң жобасында бұл мәселенің шешімі не себептен қаралмаған?

«Жол жүрісі туралы» Заңдағы аталған мұндай көліктерді тіркеуге тыйым салынған бапқа тиісті түзетулер енгізу арқылы басқару жүйелері оң жақта орналасқан көлік құралдарын мемлекеттік тіркеуді біржолғы заңдастыру мүмкіндігін қарастыруға болмай ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ішкі істер министрлігінің өкілі Сұлтанбаев Қайсар Әбілекұлы, жауап беріңіз.

СҰЛТАНБАЕВ Қ.Ә. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сұрақтарыңызға рақмет.

Бүгінгі күні Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес автокөліктерді бір жолғы заңдастыру жұмыстары жүргізілуде. Осы заң жобасына біз таяуда ғана ұсыныс енгіздік. Оң жақ басқару тетігі бар автокөліктер бір жолғы заңдастыруға енгізілетін болады.

Бүгінгі кезде ел көлемінде 20 мыңнан астам осындай автокөліктер бар. Бұл ұсыныс енгізілді. Ұсыныс бірінші комитетте қаралып, өзінің қолдауын тапты. Бұл мәселе шешілді.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Әлібек Сәкенұлы. Орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Бекенов Нұрлан Жексембайұлына беріледі.



БЕКЕНОВ Н.Ж. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Мемлекет басшысы Парламент Мәжілісінің отырысы аясында және ірі отандық бизнес өкілдерімен кездесу қорытындысына сәйкес елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы бойынша бірқатар нақты тапсырмалар берді. Нәтижесінде Мемлекет басшысының барлық өзекті тапсырмаларын көрсете отырып Үкімет 4 блокты құрайтын әзірленген заң жобасын ұсынды.

С учетом того, что законопроектом вносятся изменения и дополнения в законодательные акты, регулирующие различные направления отраслей и сфер экономики, законопроект получился очень обширным, о чем, в принципе, было ясно из доклада Министра национальной экономики. Думаю, что нет необходимости останавливаться на каждом блоке в отдельности.

Вместе с тем хотелось бы отметить отдельные моменты предлагаемых новелл законопроекта, введение которых будет направлено на решение определенных проблемных вопросов.

Так, в рамках исполнения поручений Главы государства и в целях оперативности принятия решений, обеспечения внутреннего рынка продовольственными или иными товарами предусмотрены нормы по совершенствованию таможенно-тарифного и нетарифного регулирования внешнеторговой деятельности, механизма регулирования деятельности торговых рынков в целях пресечения необоснованного роста цен на социально значимые продовольственные товары.

Внедрение государственно-частного партнерства изначально было задумано как инструмент снижения нагрузки на бюджет, развития предпринимательства с соблюдением принципа сбалансированности по взаимовыгодному распределению обязательств между государственными и частными партнерами, привлечения инвестиций в экономику государства.

Однако существующая модель государственно-частного партнерства всегда вызывала многочисленную критику, поскольку на самом деле реальной разгрузки бюджета не происходило и подтверждение этому – сложившийся на сегодня объем государственных обязательств по проектам государственно-частного партнерства в сумме порядка 2 триллионов тенге.

Поэтому с учетом сложившейся ситуации в реализацию поручения Главы государства по обеспечению прозрачности и конкурентности, а также в целях усиления борьбы с коррупцией законопроектом предусматривается выработка новых подходов к механизмам государственно-частного партнерства с внедрением принципов открытости и прозрачности процессов планирования и реализации проектов государственно-частного партнерства, а также цифровизации процедур.

Законопроектом для общественного социального благотворительного фонда «Қазақстан халқына», созданного по инициативе Президента впервые в истории и практике отечественной благотворительности, предусмотрено обеспечение законодательной основы ежегодного перечисления средств Фондом национального благосостояния и оператором лотерей.

Также регламентируется механизм реализации национального проекта «Комфортная школа», финансовое обеспечение которого утверждено в рамках

республиканского бюджета на 2023 год, в том числе за счет трансфертов из Национального фонда.

Наряду с этим отмечаем, что в рамках данного законопроекта нашло отражение решение вопросов, которые неоднократно ставились депутатским корпусом перед Правительством при рассмотрении отчетов Правительства Республики Казахстан об исполнении республиканского бюджета, утверждении республиканского бюджета и проведении тематических мероприятий. Это были вопросы:

совершенствования бюджетного процесса в межбюджетных отношениях;

усиления финансовой самостоятельности регионов;

обеспечения бюджетного мониторинга;

совершенствования законодательства по специальным экономическим и индустриальным зонам;

внедрения дифференцированного подхода по предоставлению льгот свободным экономическим зонам;

введения комбинированного режима функционирования специальных экономических зон и другие.

В ходе обсуждения законопроекта были проведены 16 заседаний рабочей группы, заседание комитета и расширенные заседания комитета с участием разработчиков, заинтересованных государственных органов и некоммерческих организаций, НПП «Атамекен», АО «Самрук-Казына» и других. Были получены ответы на поставленные вопросы.

Баяндалғанды ескере келе, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Регламентінің 58-тармағын басшылыққа ала отырып Қаржы және бюджет комитеті заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Нұрлан Жексембайұлы.

Құрметті әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшейік. Сөз депутат Трұмов Серікбай Өтелгенұлына беріледі.

ТРҰМОВ С.Ө. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Мемлекет басшысының жекелеген тапсырмаларын іске асыру мақсатында әзірленген заң жобасын қолдаймын.

Бұл заң жобасында қоғамда көтеріліп жүрген бірнеше түйткілді мәселелер қарастырылған.

Бірінші. Мұнай өңдеу зауытына мұнай жеткізу және еліміздің ішкі нарығына мұнай өнімдерін тарату кезінде делдалдарды алып тастау. Ұсынылып отырған шаралар жер қойнауын пайдаланушыларға делдалдарсыз жұмыс істеуге және тиісінше ішкі нарыққа мұнай жеткізуден түсетін кірістерді ұлғайтуға, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша әлеуметтік және басқа да міндеттемелерді орындауға, кен орнын дамыту үшін инвестиция салуға мүмкіндіктер береді.

Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстары кезеңінде ауыл шаруашылығы жұмыстарына мұнай өнімдерін өңірлерге бөлудің өңірлік операторларын айқындау

тәртібін бекіту. Бұл нормаларды қабылдау егін жинау жұмыстары кезеңінде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді кепілді дизель отынымен қамтамасыз ететін операторларды заңнамалық тұрғыдан айқындауға бағытталған.

Сонымен қатар мұнай өнімдерін өндірушілерді және көтерме жеткізушілерді мұнай өнімдерін өңірлерге тұрақты жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында бірінші кезектегі жанар-жағармай станцияларын мұнай өнімдерімен қамтуды міндеттейтін нормалар қаралды.

Екіншіден, газдың қолжетімді бағасын ұстап тұру және ішкі нарықты одан әрі үздіксіз газбен жабдықтауды қамтамасыз ете отырып нарықтық бағамен төлеуге қабілетті ірі тұтынушылар үшін тауарлық газды сату болып табылады.

Бұл түзетулер тұтынушылардың екі жаңа санатын енгізуді көздейді және ол «Газ және газбен жабдықтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көрініс тапты:

- 1) ірі коммерциялық газ тұтынушылар;
- 2) цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғалар және цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғалар үшін электр энергиясын өндірушілер.

Бұдан басқа экспорттық баға бойынша жер қойнауын пайдаланушылардан газ сатып алу тетігін енгізу арқылы газ саласының инвестициялық тартымдылығын арттыру шеңберінде газ сатып алудың жаңа формуласы көзделген. Осы формуланы қолдану газ өндіруді ынталандыруға, қосымша инвестициялар тартуға, жаңа жұмыс орындарын құруға және ішкі нарықты толыққанды тұрақты газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ инвестициялық ахуалды жақсарту шеңберінде инвесторларға мұнай-газ-химия өнімдерін өндіру бойынша іске асырылып жатқан жобалар үшін жыл сайынғы түзету мүмкіндігімен газдың шекті көтерме бағаларын бес жылға бекіту көзделген.

Бұл түзетулер газ саласына инвестициялар тарту үшін неғұрлым тиімді шарттардың қалыптасуына әсер ететіні сөзсіз.

Үшіншіден, баршаңызға белгілі, шет елдерден әкелінген автокөліктер қоғамда үлкен талқылауға түсіп, белгіленген заң аясынан тыс қалуда. Мемлекет басшысы биылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында автокөліктерді сырттан әкелудің барлық заңсыз арналарын тоқтатуды және 2022 жылдың 1 қыркүйекке дейін әкелінген осындай көліктерге қатысты жағдайды реттеу бойынша тиісті шаралар қабылдауды тапсырды.

Қаралып отырған заң жобасында шетелден әкелінген көлік құралдарының тіркеу тәртібі мен талаптарын белгілеуге және оларды Қазақстан Республикасында пайдалануды реттеуге, сондай-ақ оң рульді автокөліктерді заңдастыру нормаларына бағытталған бірқатар түзетулер көзделген.

Жалпы заң жобасында елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беретін бірнеше қажетті түзетулер бар екені атап өтілді.

Құрметті әріптестер, осыған байланысты қаралып отырған заң жобасын бірінші оқылымда қолдауды ұсынамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекет басшысының жекелеген тапсырмаларын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды. Бас комитетке заң жобасын екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Сөз Трұмов Серікбай Өтелгенұлына беріледі.

ТРҰМОВ С.Ө. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекет басшысының жекелеген тапсырмаларын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда қарауды бүгінгі отырыстың күн тәртібіне енгізуді ұсынамын.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Заң жобасы бүгін екінші оқылымда қаралады.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтар, екінші оқылымға дейін боссыздар.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасы жөнінде.

Бұл заң жобасына Парламент депутаттары бастамашылық жасады.

Бастамашылардың атынан баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Смышляева Екатерина Васильевнаға беріледі.

СМЫШЛЯЕВА Е.В. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Қарастырылып отырған кейбір конституциялық заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасы негізгі «Қазақстан Республикасының цифрлық активтері туралы» Заңға ілеспе төрт заңның бірі болып табылады.

Парламент депутаттары заң жобаларын Мемлекет басшысының цифрлық майнингті құқықтық реттеу, сондай-ақ Қазақстанда криптовалюта экожүйесін құру мәселелері жөніндегі тапсырмаларын орындау үшін әзірледі.

Поскольку конституционный закон является только частью общей концепции регулирования цифровых активов, коротко остановлюсь на основных моментах общего подхода.

Пакетом законопроектов решаются следующие задачи.

Первое – защита национальной энергосистемы от нерегулируемого майнинга, для этого:

ограничен перечень источников электроэнергии, которые могут использоваться майнерами. Это возобновляемая энергия, импорт и использование собственных генераций;

запрещено потребление цифровыми майнерами электроэнергии напрямую из общей энергосистемы. Приобрести электроэнергию из общей энергосистемы майнеры смогут только при наличии профицита и исключительно через биржу АО «КОРЭМ». Для этого объема сняты ценовые ограничения, торги будут проводиться исключительно по рыночным механизмам.

Второе – вовлечение майнинга и его продукта в экономику Казахстана, для этого: вводится лицензирование цифрового майнинга по двум категориям лицензий. Первая категория – это цифровые майнеры, владеющие соответствующей инфраструктурой – центрами обработки данных. Вторая категория – это цифровые майнеры – владельцы оборудования, арендующие ячейки в центрах обработки данных и не претендующие на энергетическую квоту. Все майнеры должны будут работать через аккредитованные казахстанские майнинг-пулы.

Таким образом, цифровые майнеры, ранее работающие в облачных сервисах и никак не участвующие в экономике Казахстана, становятся нашими резидентами и плательщиками налогов.

Третье – прозрачные механизмы администрирования следующих налогов:

корпоративный подоходный налог цифрового майнера, который рассчитывается с учетом стоимости продукта в момент его получения в качестве вознаграждения;

корпоративный подоходный налог майнинг-пула с полученной комиссии за оказанные услуги;

налог от прироста стоимости для физических лиц при осуществлении операций с криптовалютой;

корпоративный подоходный налог с криптобирж, как субъектов предпринимательской деятельности.

Четвертое – регулирование выпуска и оборота обеспеченных цифровых активов. Вводится разрешительный порядок осуществления деятельности по выпуску и обороту обеспеченных активов на специализированных платформах. Предложен порядок их выпуска через оформление специального решения и только с подтверждением наличия обеспечения. Таким образом, устранены пробелы в действующем законодательстве.

Определены признаки обеспеченного актива. Благодаря такому регуляторному подходу процедуры токенизации и в целом технология блокчейн могут быть использованы в отраслевых законах и нормативных правовых актах применительно к отдельным решениям. Например, токенизация и хранение данных или процесс инвестирования.

Пятое – в части предупреждения рисков негативного воздействия на финансовую систему. С целью сохранения безопасности казахстанской финансовой системы цифровые активы, обеспеченные и необеспеченные, не признаются на территории страны платежным средством, финансовым активом и финансовым инструментом. Обеспеченные активы не могут быть обеспечены деньгами.

На территории Казахстана запрещается деятельность криптобирж, также запрещена реклама криптовалютных операций.

Вместе с тем для обеспечения полного жизненного цикла криптовалют – от добычи, то есть майнинга, до реализации – операции с ними предусмотрены в отдельной юрисдикции Международного финансового центра «Астана».

В совокупности с вводимыми обязательствами майнинговых компаний реализовывать свой продукт на отечественных криптобиржах это позволит говорить о создании и развитии казахстанской криптовалютной экосистемы.

При этом для защиты наших граждан, вовлеченных в криптовалютные операции, в Конституционный закон «О Международном финансовом центре «Астана» вносятся требования к криптобиржам.

Для обеспечения информационной безопасности криптобиржи должны будут обеспечить подключение к казахстанским центрам информационной безопасности, информировать регулятора об инцидентах, разрабатывать и вести корпоративную политику в области информационной безопасности.

Предусмотрены обязательства криптобирж в части информирования граждан о рисках и защите прав потребителей.

Согласно проекту закона лица, работающие с цифровыми активами, являются субъектами финансового мониторинга и к ним предъявляются требования Закона «О противодействии легализации (отмыванию) доходов, полученных преступным путем, и финансированию терроризма».

Конституционным законом также предусмотрено исключение криптобирж из числа участников МФЦА, освобождающихся от уплаты корпоративного подоходного налога. Биржи станут плательщиками КПП.

В целом предложенные защитные меры делают цифровые активы прозрачными и управляемыми.

Уважаемые коллеги, рассматриваемый сегодня проект конституционного закона является частью пакета, регулирующего новую отрасль. Предложенная правовая конструкция не имеет модельных образцов и аналогов.

Над законопроектом работали депутаты, эксперты, представители государственных органов и профессиональных объединений.

Прошу поддержать. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Құрметті әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма? Сөз депутат Сүлеймен Ләззат Жаңылысқызына беріледі.

СҮЛЕЙМЕН Л.Ж. Рақмет, құрметті Төраға.

Осы конституциялық заң жобасында сот жүйесіне байланысты біраз концептуалды өзгерістер енгізіліп отыр. Сондықтан сұрағым Жоғарғы Сот өкіліне.

Конституциялық заң жобасының негізгі мақсаттарының бірі – сот төрелігін сот әкімшілігінен нақты ажырату, яғни Жоғарғы Соттың, жергілікті және басқа да соттардың

қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі құзырет сот әкімшілігіне беріліп отыр.

Бұл жерде Қазақстан, біріншіден, еуропалық тәсілді басшылыққа алып отыр. Ол бойынша соттар кадрлық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету функцияларынан толық босатылған.

Екіншіден, америкалық тәсіл бойынша соттар бюджеттер мен шығыстардың қалыптасуын, қызметкерлерді тағайындауды бақылауда ұстайды.

Өз тәжірибемізге келсек, он шақты жыл бұрын Жоғарғы Соттың жанында сот әкімшілігі қызмет атқарды, комитет болды. Сол кездегі мақсат та соттарды өзіне тән емес қызметтерден босату, сол арқылы сот тәуелсіздігін қамтамасыз ету болғанмен, әсіресе жергілікті соттардың қызметін ұйымдастыруда соттар осы әкімшілерге тәуелді болып қалғаны туралы пікірлер айтылды. Оны судьялардың өздері айтқан болатын. Осыған байланысты сұрақ:

Сот төрелігі мен сот әкімшілігін бөлу мәселесін шешуде халықаралық тәжірибе Қазақстанның қалыптасқан тәжірибесі тұрғысынан қаралды ма?

Сот әкімшілігі жөнінде комитет жұмыс істеген кездегі жинақталған тәжірибеге талдау жүргізілді ме? Сол кездегі тәуекелдер осы заң жобасында еңсерілді ме?

Соттар мен Сот әкімшілігінің сындарлы өзара іс-қимылының тетіктері құқықтық мемлекет құру концепциясына сәйкес толыққанды ойластырылды ма?

Сот әкімшілігі тарапынан соттардың дербестігін, тәуелсіздігін нығайтуға қызметтің кепілдігі қамтамасыз етіледі ме? Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Жоғарғы Соттың судьясы Әмір Досжан Сарманқұлұлы, жауап беріңіз.

ӘМІР Д.С. Сәлеметсіздер ме, құрметті депутаттар! Сұрақтарыңызға рақмет.

Сұраққа келетін болсақ, жаңа айтылып отырған әрбір заңды қабылдаған кезде өзіміздің тәжірибемізге, алдыңғы қатарлы дамыған мемлекеттердің тәжірибесіне қараймыз, сол кісілерден жақсы жақтарын алуға тырысамыз.

Бүгінгі күні сіздерге ұсынылып отырған бұл заң жобасына да Нидерланды, Америка, Оңтүстік Корея, Франция мемлекеттерінің тәжірибелері алынған.

Біз бұл жерде еуропалық бағытты ұстандық, сонымен қатар америкалық тәжірибенің де жақсы жақтарын алуға тырыстық. Еуропалық бағытқа келетін болсақ, Еуропада бүгінгі күні соттар мен сот әкімшіліктерінің жұмысы түбегейлі бөлінген. Оған өздеріңіз куә болдыңыздар, осыдан үш-төрт жыл бұрын әлемдік соттар қауымдастығы мен әлемдік соттар әкімшілерінің осы жерде үлкен форумы өтті, біздің елімізге жүзден астам мемлекет келді.

Екінші мәселе соттардың қаржыландыру мәселесіне келетін болсақ, біз америкалық үлгіні алдық деп айтуымызға болады. Бұл жерде бюджеттен бөлінген ақшаны соттардың өздерінің қауымдастығы іште жұмсау мәселесін қадағалап, өздері бөліп отырады.

Жаңағы сұраққа байланысты тарихқа жүгінетін болсақ, кеңес одағының соңғы жылдары мен 90-жылдардың аяғына дейін соттарды қамтамасыз ету мәселесімен Әділет министрлігі айналысты.

Әділет министрлігін жақсы білесіздер, бұл атқарушы билік өкілі. Сондықтан атқарушы билік өкіліне тәуелді болмас үшін 90-жылдардың аяғында, дәлірек айтсақ, 2000-жылдың басында соттар әкімшісі дүниеге келді. Алайда бұл соттар әкімшісінің ғұмыры көпке бармады, 2010 жылы бұл комитет таратылды да қайтадан Жоғарғы Сот жанындағы соттардың жұмысын ұйымдастыру департаменті болып қайта ұйымдасты.

Енді біз сол департаменттен сот әкімшісіне қайтып оралу мәселесін қойып отырмыз. Өйткені жергілікті жерде сот департаментінің өкілдері жергілікті жердегі атқару билігімен, оның ішінде құқық қорғау органдарымен тең дәрежеде араласып қызмет етуге уәкілеттілігі жоқ. Бұл жерде көптеген жағдайларда сот төрелігін былай қоя тұрып облыстық соттың төрағалары ұйымдастыру жұмыстарымен айналысып жатады. Сот төрелігінде кетіп жатқан кейбір келеңсіз жағдайлар сот төрағасының өзіне тиісті емес жұмыстармен айналысып жатқандығынан деп есептейміз. Сондықтан осы мәселені біз ұсынып жатырмыз. Сонда облыстық соттың төрағасы тек қана сот төрелігімен айналысады да материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселесімен сот әкімшілері айналысады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Сөз депутат Нұрсипатов Нұржан Нұрланбекұлына беріледі.

НҰРСИПАТОВ Н.Н. Рақмет, құрметті Төраға.

Менің сұрақтарым да «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңға енгізілген түзетулерге байланысты Жоғарғы Сот өкіліне сұрақ қойылады.

Айтылған түзетулерде Жоғарғы Соттың кеңейтілген жалпы отырысының құзыретін судьяларға еңбекақы төлеу шарттарын, оның ішінде еңбекақы көлемін бекіту құқығымен толықтыру ұсынылып отыр. Осыған байланысты келесі сұрақтар:

Бірінші. Ұсынылған тәсілдеріміз Конституцияның 66-бабына сәйкес келе ме? Ол бап бойынша Үкімет Президентпен келісе отырып мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын барлық органдардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесін бекітеді деп нақтыланған.

Екінші. Мемлекеттік шығыстарды ұлғайтуға байланысты мәселе қаралғанда Конституцияға сәйкес талап етілетін Үкіметтің оң пікірі бар ма?

ТӨРАҒА. Досжан Сарманқұлұлы, жауап беріңіз.

ӘМІР Д.С. Құрметті депутаттар! Бұл мәселе, әрине, ел Президентінің тапсырмасынан туындап отырған іс-шара. Ел Президентінің қойып отырған бір талабы – соттың дербес болуы, тәуелсіз болуы. Ал тәуелсіз, дербес болу үшін оның материалдық-техникалық жағдайы өте жоғары деңгейде болу керек. Сіз айтып отырған мәселе бойынша үстіміздегі жылы 22 қарашадағы Үкіметтің қаулысы шықты. Ел Президенті бұл мәселені



қолдап отыр. Сондықтан соттың тәуелсіздігін нығайту үшін іс-шара өз нәтижесін береді деп ойлаймыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.

Спасибо, Екатерина Васильевна. Присаживайтесь.

Заң жобалары бойынша қосымша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Орынбеков Бекболат Серікбекұлына беріледі.

ОРЫНБЕКОВ Б.С. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер! Әлемде әртүрлі қызмет саласында цифрлық технологияларды қолданудың белсенділігі байқалады. Бұл нарық әзірге дамудың бастапқы кезеңінде болса да цифрлық активтер индустриясын дамыту, алдағы онжылдықтарда дәстүрлі басымдықтарды өзгертеді. Сондықтан осы саланы реттеу тетіктерін алдын ала қарастыру өте маңызды.

2020 жылы маусымда біздің елімізде цифрлық активтерді өндіруді заңнамалық реттеудің негізінде қолданыстағы құжатқа өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Осылайша бұл бағыт заңды кәсіпкерлік қызмет деп танылып, цифрлық активтер мен блокчейн ұғымдары анықталды. Нәтижесінде активтер индустриясын жандандыру базасын қамтамасыз етудегі алғашқы қадам болды.

Бүгін қаралып отырған конституциялық заң жобасы осы саланы реттеуді қалыптастыру жұмысының жалғасы. Сол мақсатта «Астана» халықаралық қаржы орталығына өркениетті криптовалюта нарығын дамыту бойынша жаңа міндет қойылды.

Бірінші кезеңде заңды кәсіпкерлік қызмет ретінде цифрлық майнингтің өзі ғана танылған болса, онда бұл жоба арқылы осындай биржалардың жұмысы тек халықаралық қаржы орталығының аумағында реттеледі.

Аталған орталықтың актілерінде цифрлық активтерді шығару түрлері, тәртібі мен шарттары айқындалатын болады. Бұдан басқа осындай органдар цифрлық активтер биржасының қызметін лицензиялау ережесін, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, тұтынушылардың мүдделерін қорғау жөніндегі мәселелерді қамтиды және қойылатын талаптарды белгілеп, есептілікті ұсыну процесін регламенттейді.

Сонымен қатар орталық органдар қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл саласындағы актілерді әзірлеу мен заңсыз қызметті қаржыландыру жөніндегі өкілеттіктермен толықтырылады.

Осы новеллалар отандық өндіріс саласын және цифрлық активтер айналымын дамытуға жағдай жасайды. Бұл ретте заң жобасында кейбір мәселелерде Халықаралық төрелік орталығының юрисдикция шегін кеңейту жұмыстарын жүргізу қажет.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес көрсетілген орталықтың қызметі қазақстандық төрелік шешімдерін тану және орындау сияқты елімізде жүзеге асырылады. Бұл құжатта қаржы орталығының өзі айқындайтын тәртіппен өткізу ұсынылады. Осылайша олардың үкімдерін қабылдау тәртібін анықтау үшін құқықтық негіздің «Астана» қаржы орталығынан тыс пайда болуы дұрыс емес деп есептейміз.

Сондай-ақ жобада «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық заңдарға жекелеген түзетулер бар.

Заң жобасын қарау барысында салыстырмалы кестеде келтірілген ескертулер мен ұсыныстар әзірленді. Олар келесі бағыттарға қатысты:

«Астана» халықаралық қаржы орталығы органдарының өкілеттіктері;

Халықаралық төрелік орталығының шешімдерін тану және орындау;

«Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңға түзетулерді қолданысқа енгізу мерзімдері;

цифрлық активтер саласындағы заң жобаларының нормалары мен күшіне енгізу уақытын үндестіруге қатысты кейбір ережелер.

Баяндалғанды ескере отырып, Қаржы және бюджет комитеті салыстырмалы кестеге көшуді және Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 5-1-тармағына сәйкес қаралып отырған заң жобасына қатысты осы өзгерістерді Парламент Мәжілісіне жіберуді ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Бекболат Серікбекұлы.

Құрметті әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшейік. Сөз депутат Мәкежанов Сұлтанбек Алмасбекұлына беріледі.

МӘКЕЖАНОВ С.А. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер! Қаралып отырған заң жобасын қолдаймын және оны қолдауға шақырамын.

Аталмыш конституциялық заң жобаларына өзгерістер мен толықтырулар цифрлық активтерді өндіруді заңнамалық реттеу негізінде жасалды.

Елімізде цифрлық активтерді, электрондық коммерцияны, стартап-экожүйесін және технологияларды дамытуға жауапты бірден-бір орталық – «Астана» халықаралық қаржы орталығы.

Мемлекет басшысы «Астана» халықаралық қаржы орталығын инвестициялық бағдарламаларды іске асырудағы елдің негізгі институты ретінде белгіледі. Ал әлемдік нарықтардағы турбуленттілік, өңірдегі күрделі геоэкономикалық жағдай кезінде халықаралық қаржы орталығы тікелей және портфельдік инвестицияларды тиімді платформа жасау үшін кешенді түрде жұмыстар жасауда.

Егер нақтырақ айтатын болсақ, бүгінгі таңда «Астана» халықаралық қаржы орталығы шамамен 7,4 миллиард АҚШ доллары тартылған инвестицияларды құрап отыр. Орталықта ағымдағы жылы 500-ден астам жаңа компаниялар тіркелді. Осылайша орталықтың қатысушылар саны әлемнің 67 елінен 1 мың 700-ге дейін компания құрап, өткен жылмен салыстырғанда 55 пайызға өсті. 1 мың 700-дің 266-сы лицензияланған компаниялар ретінде капитал нарығы, банк ісі, баламалы инвестициялар сияқты кәсіби қызметтер саласында 35-ке жуық түрлі қаржы қызметтерін ұсынуда.

Қаржы орталығының салық төлемдерін талдайтын болсақ, барлық жылдар ішінде салықтың көлемі 40 миллиард теңгені құраған болса, 2022 жылы тікелей салықтар көлемі 20 миллиард теңгеден асқан.

Аталған заң жобасы цифрлық активтер айналымының тәртібі бойынша сот жүйесінің тиімділігін арттырып және құқықтық өкілеттікті реттеудің толыққанды жүйесін құрайды. Нәтижесінде заң жобасы елімізге шетелдік инвестицияларды дамытуға және тартуға көптен-көп әсер ететін болады. Сол себептен заң жобасын қабылдау уақытылы және қажет деп есептеймін.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Олай болса заң жобасы бойынша салыстырма кестені қараймыз.

Кестеге төрт түзету енгізілген. Бас комитет бұл түзетулерді қабылдауды ұсынып отыр. Қарсылық жоқ па, әріптестер?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса заң жобасы бойынша салыстырма кестеге енгізілген түзетулерді бас комитеттің ұсыныстарымен тұтастай дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Түзетулер қабылданды.

Енді Мәжіліс мақұлдаған қалған баптарды дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Мәжіліс мақұлдаған қалған баптар қабылданды.

Енді Сенат енгізген түзетулерді Мәжіліске жіберу туралы қаулыны дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасына Сенат енгізген түзетулер Мәжіліске жіберіледі.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіне қосымша енгізілген мәселе бойынша комитеттің отырысын өткізу үшін 10 минутқа үзіліс жариялаймын.

ҮЗІЛІС.

ҮЗІЛІСТЕН KEЙІН.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар! Тіркеуден өтулеріңізді сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Жұмысымызды жалғастырайық.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіне қосымша енгізілген «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекет басшысының жекелеген

тапсырмаларын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда қараймыз.

Сөз сенатор Бекенов Нұрлан Жексембайұлына беріледі.

БЕКЕНОВ Н.Ж. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Проект Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам реализации отдельных поручений Главы государства» рассмотрен на заседании Сената и одобрен в первом чтении.

В ходе обсуждения законопроекта и подготовки его ко второму чтению возникла необходимость внесения следующих изменений и дополнений.

Первое. В законопроекте представлена поправка по формированию Национального доклада по управлению государственными активами и квазигосударственным сектором без указания сроков представления Национального доклада в Парламент Республики Казахстан.

При этом, учитывая, что информация, которая содержится в Национальном докладе, будет необходима Парламенту в ходе работы при рассмотрении республиканского бюджета и отчета об исполнении республиканского бюджета, регламентирована периодичность его представления.

Второе. В соответствии с нормами Бюджетного кодекса (статья 41) определен перечень заказов, которые отнесены к государственным заданиям. При этом данный перечень должен быть исчерпывающим и расширительному толкованию не подлежать. Однако в законопроекте поправка была представлена в той редакции, которая дает возможность реализовывать любые заказы через механизм государственного задания. В связи с чем предложено внести изменения с указанием конкретного направления государственного задания.

Третье. Нормой законопроекта предусматривается проведение анализа социально-экономического эффекта бюджетных расходов на основании первичных статистических данных. При этом в соответствии с нормами Закона Республики Казахстан «О государственной статистике» использование первичных статистических данных государственными органами и Национальным Банком Республики Казахстан в отношении респондента не допускается. В связи с чем с целью соблюдения основных принципов государственной статистики по конфиденциальности и использованию первичных статданных исключительно для статистических целей проведение в целом анализа предложено исключить. В дальнейшем указанный анализ будет проработан в рамках нового Бюджетного кодекса.

Четвертое. В связи со сложившейся ситуацией по недофинансированности мероприятий по запуску автоматизированной дактилоскопической информационной системы предложено сроки ее запуска в полном объеме перенести с 1 января 2023 года на 1 января 2024 года.

Пятое. В рамках поручений Президента поставлена задача о проведении разовой легализации иностранных автомобилей, ввезенных в Республику Казахстан до 1 сентября 2022 года, в соответствии с законодательством Республики Казахстан. В этой связи

предложена поправка в Закон «О дорожном движении» в части снятия запрета в рамках предстоящей легализации на первичную регистрацию автомобилей с правосторонним расположением органов управления, выпущенных в обращение в государствах – членах Евразийского экономического союза и ввезенных на территорию Республики Казахстан до 1 сентября 2022 года.

Шестое. С целью увеличения инвестиций и проведения необходимых работ для снижения износа коммунальных сетей предлагаются поправки в Закон Республики Казахстан «О естественных монополиях», предусматривающие дополнительное основание для изменения утвержденного тарифа до истечения его срока действия.

Седьмое. В Законе Республики Казахстан «Об электроэнергетике» предусмотрены нормы, которые не учитывают разницы между электроснабжающими организациями, поставляющими энергию только оптовым потребителям, и электроснабжающими организациями, гарантирующими поставщиками, имеющими дополнительные социальные обязательства. Наличие договоров с крупными потребителями позволяло гарантирующим поставщикам и регулятору сдерживать рост тарифов для населения, избегая тем самым социальное напряжение. При этом эти нормы должны будут вводиться в действие с 1 января 2023 года. В связи с чем предлагается норму по снятию запрета реализации для гарантирующих поставщиков, осуществляющих электроснабжение для населения, отложить до 1 января 2030 года.

Все замечания и предложения сведены в сравнительную таблицу.

С учетом изложенного Комитет по финансам и бюджету предлагает перейти к рассмотрению сравнительной таблицы и в соответствии с пунктом 5 статьи 61 Конституции Республики Казахстан рекомендует направить в Мажилис Парламента изменения и дополнения в рассматриваемый проект закона.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Нұрлан Жексембайұлы.

Құрметті әріптестер, сұрақтарыңыз бар ма? Тағы да талқылаудың қажеттілігі бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекет басшысының жекелеген тапсырмаларын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша салыстырма кестені қараймыз. Кестеге 40 түзету енгізілген. Бас комитет бұл түзетулерді қабылдауды ұсынып отыр. Әріптестер, қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса заң жобасы бойынша салыстырма кестеге енгізілген түзетулерді бас комитеттің ұсыныстарымен тұтастай дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Түзетулер қабылданды.

Енді Мәжіліс мақұлдаған қалған баптарды дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Мәжіліс мақұлдаған қалған баптар қабылданды.

Енді Сенат енгізген түзетулерді Мәжіліске жіберу туралы қаулыны дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Заң жобасына Сенат енгізген түзетулер Мәжіліске жіберіледі.

Құрметті әріптестер, заң жобасы Мемлекет басшысының бірқатар тапсырмаларын заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету үшін әзірленді. Атап айтқанда, өңірлердің қаржылық дербестігін одан әрі арттыру үшін салық түсімдерінің жекелеген түрлерін жергілікті бюджетке беру көзделіп отыр.

Түзетулер мемлекеттік сатып алудағы бәсекелестік ортаны кеңейтуге және осы саладағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға жағдай жасайды.

Заң жобасы монополия операторларын реттеу механизмін қайта қарауды және мемлекеттік-жекешелік серіктестікті іске асыру тәсілдерін жетілдіруді де қамтиды.

Заң жобасын қарау барысында Сенат тарапынан қосымша ұсыныстар айтылды. Бұл түзетулер «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның және лотерея операторының «Қазақстан халқына» қоғамдық қорына ақша аудару тәртібін айқындайды.

Сондай-ақ Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес елге 2022 жылғы 1 қыркүйекке дейін әкелінген рулі оң жақта орналасқан автокөліктер бойынша бастапқы тіркеу мүмкіндігін беру ұсынылады. Бұл біздің 20 мыңға жуық азаматымызға өз көліктерін заңдастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар сенаторлар азаматтардың банктік, салықтық құпиясына қол жеткізу мәселелеріне қатысты уәкілетті органдарға негізсіз кең өкілеттіктер беретін жекелеген ережелерді алып тастады.

Жалпы заң қабылданғаннан кейін халықтың әл-ауқатын жақсартуға оң әсерін тигізеді деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Сөз депутат Сарыбаев Ғалиасқар Төлендіұлына беріледі.

САРЫБАЕВ Ғ.Т. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Смайылов Әлихан Асханұлына жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымының кейбір мәселелері туралы» 2022 жылғы 3 мамырдағы № 887 Жарлығын іске асыру мақсатында Алматы облысы мен Жетісу облысының шекаралары айқындалды.

Осыған байланысты Жетісу облысының шаруашылық субъектілері құжаттарды ауыстыру, жер учаскелеріне құқықтарды қайта рәсімдеу, азаматтық-құқықтық мәмілелер

жасау кезінде қосымша шығындар талап етілуде және мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесін толық пайдалана алмауда.

Жетісу өңірінде қайта тіркеуге жататын 238 мың 411 нысан бар. Қазіргі уақытта жер учаскелерінің кадастрлық коды «03»-тен «24»-ке ауысуына байланысты «Қолдау» бағдарламасы аясында заңды тұлғалар, шаруа қожалықтары мен жеке кәсіпкерлер құжаттарын рәсімдеу кезінде субсидияларын ала алмау мәселелері туындауда.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Жетісу облыстық филиалының алдын ала есептеулері бойынша жер учаскелеріне сәйкестендіру құжаттарын қайта рәсімдеуге арналған қаржылық шығындар 3,5 миллиард теңгені құрайды.

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-бабы 11-1-тармағына сәйкес мемлекеттік органдардың шешімімен елді мекендердің әкімшілік-аумақтық құрылысы немесе шекаралары (шектері) өзгерген жағдайда жер учаскелері елді мекендер шегіне қосылған кезде жер учаскелерінің сәйкестендіру құжаттарын ауыстыру бюджет қаражаты есебінен қарастырылады делінген.

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 46-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес 2023 – 2025 жылдарға арналған жалпы трансферттер шеңберінде республикалық бюджеттен кезең-кезеңімен қаржыландыру қажеттілігі бар.

Енді, міне, үш айдан соң егістік, мал төлдеу науқандары басталады. Егер жедел түрде осы айтылған мәселелерді шешпесек, Мемлекет басшысының өңірлерге қойған тапсырмасы орындалмай қалады, ауылшаруашылық саласында резонанс туындап, тұқым, жеңілдетілген жанар-жағармай, тағы басқа проблемалар шешімін таппайды.

Осыған орай сізден Жетісу облысының жер учаскелеріне сәйкестендіру құжаттарын қайта реттеуге 1,5 миллиард теңге шығынды 2023 жылғы Республикалық бюджет комиссиясының бірінші нақтылау кезінде бөліп беруіңізді сұраймын.

Құрметті Әлихан Асханұлы! «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 27-бабына сәйкес жоғарыда көтерілген мәселе бойынша жазбаша жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен Сенат депутаттары Ф. Сарыбаев, С. Дүйсембинов». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Слово предоставляется Булавкиной Ольге Александровне.

БУЛАВКИНА О.А. Спасибо.

Уважаемый Маулен Сагатханұлы! Уважаемые депутаты! Наш депутатский запрос адресован Премьер-Министру Республики Казахстан.

«Уважаемый Алихан Асханович! На расширенном заседании Правительства Глава государства Касым-Жомарт Кемелевич Токаев подчеркнул, что в республике более 1,5 тысячи километров тепловых сетей нуждаются в срочной замене и ремонте. В стране сложилась высокая степень износа энергетического оборудования и активов. В частности, генерирующее оборудование в среднем изношено на 65 процентов, электрические сети – на 83 процента, тепловые сети – на 80 процентов.

Коммунальные сети по стране разрознены, находятся в руках большого количества собственников, отсутствует единый график подключения и модернизации инфраструктуры.

Частая смена собственников объектов теплоснабжения приводит к тому, что из-за растущих долгов теплоснабжающие предприятия останавливают свою работу, лишая потребителей горячей воды, а порой и отопления. Многомиллиардные долги приводят к задержкам и без того низкой заработной платы, что, в свою очередь, создает острый кадровый дефицит. Задолженность перед бюджетом приводит к аресту счетов, что не позволяет своевременно приступить к ремонтным работам.

Экологи выносят предписание на возмещение ущерба по фактам превышения нормативных показателей, а антимонопольный орган грозит штрафами по признакам необоснованного повышения тарифов.

В свою очередь, предложений на модернизацию существующих ТЭЦ и строительство новых от потенциальных инвесторов практически не поступает. Еще в 2019 году Кызылординский областной акимат разместил заявку на строительство ТЭЦ в городе Кызылорде. Результата нет.

С 2017 года в городе Талдыкоргане обсуждается вопрос строительства ТЭЦ стоимостью 154 миллиарда тенге, при этом 90 процентов теплоснабжения областного центра обеспечивается котельной «Баскуат», построенной в 80-х годах прошлого столетия.

Сложная ситуация складывается и на единственной теплоэлектроцентрали города Атырау из-за критически низкого уровня реки Урал, но утвержденного проекта модернизации ТЭЦ нет.

И такие проблемы имеются в каждом регионе.

По поручению Президента страны для принятия своевременных мер по каждому объекту критической инфраструктуры Министерство энергетики проводит аудит всех теплоцентралей и электрических сетей страны, который будет завершен в первом квартале 2023 года.

При этом мы упускаем еще один важнейший вопрос. Неудовлетворительное состояние очистных сооружений, предназначенных для очистки сточных вод, является актуальнейшей проблемой. Превышение выбросов загрязняющих веществ в реках и водоемах является серьезнейшим экологическим фактором, влияющим на здоровье человека, вызывающим рост заболеваемости и смертности населения, наносящим невосполнимый ущерб окружающей среде.

В основном канализационные очистные сооружения страны были построены и введены в эксплуатацию в 50-х годах прошлого столетия и практически не подвергались модернизации.

Наибольший износ имеют канализационные сети в Карагандинской и Павлодарской областях. В городах Экибастузе, Риддере, Семее, Кокшетау, Петропавловске износ составляет более 90 процентов. В селе Курчум Восточно-Казахстанской области очистные сооружения не работают уже более десяти лет. Вместо очистных сооружений стоят развалины, стоки районного центра напрямую попадают в



реку Курчум, а далее – в реку Иртыш, которая является трансграничной и имеет статус особого государственного значения.

В городе Таразе Жамбылской области КОС отсутствуют вообще, стоки с заполненных отстойников сливаются в каналы прилегающих сел, загрязняя окружающую среду вредными выбросами.

В этой связи, уважаемый Алихан Асханович, необходимо:

1) в целях обеспечения экологической безопасности и предотвращения угрозы возникновения эпидемий и инфекционных заболеваний включить в перечень объектов аудита критической инфраструктуры объекты канализационных очистных сооружений городов и районов;

2) для решения вопросов строительства, модернизации и реконструкции ветхих сетей, физический износ которых превысил допустимый уровень, разработать единый системный подход при проектировании КОС с учетом использования современного высокотехнологичного оборудования;

3) с целью повышения инвестиционной привлекательности теплоэнергетического комплекса разработать собственную энергетическую стратегию, являющуюся обязательным условием реализации схемы финансирования проектов, что позволит строить генерирующие мощности, необходимые для достижения экономической и экологической конкурентоспособности и, что самое важное, предоставлять необходимые услуги потребителям по приемлемым ценам.

Казахстан, являясь одним из партнеров Программы центральноазиатского регионального экономического сотрудничества, должен быть привержен к устойчивой в финансовом и экологическом отношении энергетической отрасли, реализуя реформы с целью создания благоприятной для инвесторов нормативной правовой базы.

С уважением, депутаты Сената Булавкина, Мусин, Дюсембинов». Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Құрметті әріптестер, басқа депутаттық сауалдар жоқ. Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ  
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

**МАЗМҰНЫ**  
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ**  
**СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ**  
**2022 жылғы 26 желтоқсан**

**Күн тәртібі бойынша**

О повестке дня ..... 1

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекет басшысының жекелеген тапсырмаларын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым)**

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам реализации отдельных поручений Главы государства», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан (первое чтение)

**Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі**  
**Ә.С. ҚУАНТЫРОВТЫҢ баяндамасы**

Доклад Министра национальной экономики Республики Казахстан  
КУАНТЫРОВА А.С. .... 1

**Сөз сөйлегендер:**

Выступили:

РЫСБЕКОВА Л.Т. .... 4

КАРИНОВА Ш.Т. – Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту бірінші вице-министрі, первый вице-министр просвещения Республики Казахстан..... 5

ЖҰМАҒАЗИЕВ М.С. .... 5

ТЕМІРБЕКОВ Д.О. – Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі, вице-министр финансов Республики Казахстан ..... 6

НӨКЕТАЕВА Д.Ж. .... 6

НҰРЖІПТОВА Д.Ө. .... 7

БЕКНАЗАРОВ Н.Қ. .... 8

СҰЛТАНБАЕВ Қ.Ә. – Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Әкімшілік полиция комитетінің төрағасы, председатель Комитета административной полиции Министерства внутренних дел Республики Казахстан ..... 8

**Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Н.Ж. БЕКЕНОВТИҢ қосымша баяндамасы**

Содоклад члена Комитета по финансам и бюджету БЕКЕНОВА Н.Ж. .... 9

**Сөз сөйлеген:**

Выступил:

ТРУМОВ С.Ө. ....	10
<b>Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасы жөнінде</b>	
О проекте Конституционного закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые конституционные законы Республики Казахстан», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан	
<b>Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Е.В. СМЫШЛЯЕВАНЫҢ баяндамасы</b>	
Доклад депутата Мажилиса Парламента Республики Казахстан СМЫШЛЯЕВОЙ Е.В. ....	12
<b>Сөз сөйлегендер:</b>	
Выступили:	
СҮЛЕЙМЕН Л.Ж. ....	14
ӘМІР Д.С. – Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы, судья Верховного Суда Республики Казахстан .....	15
НҰРСИПАТОВ Н.Н. ....	16
ӘМІР Д.С. ....	16
<b>Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Б.С. ОРЫНБЕКОВТІҢ қосымша баяндамасы</b>	
Содоклад члена Комитета по финансам и бюджету ОРЫНБЕКОВА Б.С. ....	17
<b>Сөз сөйлеген:</b>	
Выступил:	
МӘКЕЖАНОВ С.А. ....	18
<b>«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекет басшысының жекелеген тапсырмаларын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым)</b>	
О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам реализации отдельных поручений Главы государства» (второе чтение)	
<b>Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Н.Ж. БЕКЕНОВТІҢ баяндамасы</b>	
Доклад члена Комитета по финансам и бюджету БЕКЕНОВА Н.Ж. ....	20
<b>Депутат Ғ.Т. САРЫБАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы</b>	
Депутатский запрос депутата САРЫБАЕВА Г.Т. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. ....	22

**Депутат О.А. БУЛАВКИНАНЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата БУЛАВКИНОЙ О.А. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. .... 23

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық  
қамтамасыз ету басқармасының  
инженерлік орталығы»  
РМК директоры

  


А. Құсайынов

Стенографиялау қызметінің  
басшысы

Г. Молдашева